

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігі Кеден комитетінің " Кинологиялық орталығы" мемлекеттік мекемесін құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 15 ақпан N 230

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасында нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2000-2001 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" 2000 жылғы 16 мамырдағы N 395 Жарлығына және "Қазақстан Республикасының кеден қызметін реформалау бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 22 қарашадағы N 1746 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі Кеден комитетінің " Кинологиялық орталығы" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Кинологиялық орталық) құрылсын.

2. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Кинологиялық орталықтың жарғысын бекітсін және оның әділет органдарында тіркелуін қамтамасыз етсін;

2) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

3. Кинологиялық орталықты қаржыландыру 2001 жылға арналған республикалық бюджетте "Кеден постыларының құрылысын салу, кеден органдарының инфрақұрылымдары" бағдарламасы бойынша Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігіне көзделген қаражаттың есебінен және шегінде жүзеге асырылатын болады деп белгіленсін.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 2002 жылдан бастап республикалық бюджеттің тиісті бағдарламасы бойынша Кинологиялық орталықты ұстауға арналған шығыстарды көздесін.

5. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай толықтырулар енгізілсін:

1) < * >
2) < * >

Ескерту. 1)-тармақшаның күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2003.04.14. N 357 қаулысымен

Ескерту. 2)-тармақшаның күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.06.01. N 604 қаулысымен

6. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті бір айлық мерзімде Қазақстан Республикасы Үкіметінің бұрын қабылданған шешімдерін

осы қаулыға сәйкес келтіру жөнінде ұсыныстар енгізсін.

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ